"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы 010000,
Сарыарқа ауданы, Жеңіс Даңғылы 11

Республиканское государственное учреждение "Комитет казначейства Министерства финансов Республики Казахстан"

Республика Казахстан 010000, район
Сарыарка, Проспект Жеңіс 11

05.06.2025 №ЗТ-2025-01620871

"Мұнайқұрылыс" көп салалы құрылыс фирмасы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

На №ЗТ-2025-01620871 от 16 мая 2025 года

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Сіздің өтінішіңізді қарап келесіні хабалайды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бектілген Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына (бұдан әрі- қағида) сәйкес қазынашылық комитеті Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын немесе бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын және тапсырыс берушілер квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылатын объектілер Әлеуетті өнім берушінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер бойынша, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың шынайылығы осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген құжаттармен, сондай-ақ осы Қағидалардың 44, 44-1 және 45, 48-тармақтарында көзделген тәртіппен расталады. Қағиданың 46 тармағына сәйкес Құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар: 1) ағымдағы, орташа жөндеу объектілерін, сондай-ақ меншік иесі өз бетінше пайдалануға қабылдайтын объектілерді қоспағанда, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 20-бабының 22-2) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау актісінің электрондық көшірмесі; 2) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 20-бабының 23-17) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар актісінің электрондық көшірмесі; 3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 20-бабының 22-1) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмесі; 4) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның электрондық көшірмесі; 5) жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, сондай-ақ тапсырыс берушілер квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылатын объектілер бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының жұмыс тәжірибесін растайтын әлеуетті өнім берушілер осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

құжаттарды енгізеді. Осыған орай, хатта көрсетілген «Қызылорда облысы Сырдария ауданы Ақжарма ауылындағы Балапанов көшесіндегі спорттық кешені (Бұдан әрі-нысана) жұмыс тәжірбиесі» №3810316 жұмыс тәжірбиесін қайта растауға жіберуіңізді сұраймыз. Сіздің №3810316 жұмыс тәжірбиеңіз қағиданың талаптарына сәйкес қаралатынын хабарлаймыз. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдік – процестік Кодексінің» 91 бабына сәйкес Сіз, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылысыз.

Заместитель председателя Комитета
казначейства

ТЮЛЮПОВ ЕРЛАН КУАНЫШЕВИЧ

Исполнитель

КӨБЕЙ МӘДЕНИЕТ СӘКЕНҰЛЫ

тел.: 7172717526

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.